

3. ҚК 3 жыл мерзімге сайланады. Қамқоршылық кеңестің төрағасы оның басшысы болып табылады. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан арнайы өкілеттіксіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады. Ол ҚК жұмысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді. Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасарын, кеңестің іс-қараздарын, ревизия комиссиясы мен қазынашы жұмысын жүргізуге жауап беретін хатшыны сайлайды.

4. қамқоршылық кеңестің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес, жылына кемінде бір рет өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай ҚК төрағасының шешімімен немесе оның төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша өткізіледі. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысы, шешім қабылдауға құқылы. ҚК шешімі ашық дауыс берумен оның қатысын отыратын мүшелерінің басым көпшілігінің дауысымен қабылданады.

III. Қамқоршылық кеңесінің қызметі:

1. ҚК-ны оның бірінші отырысында ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен және білім беру мекемесі директорының бұйрығымен (өкімімен) үш жыл мерзімге сайланатын төраға басқарады. ҚК бірінші отырысында ашық дауыс беру арқылы төрағаның орынбасары сайланады, сондай-ақ хатшы тағайындалады.

2. ҚК мүшелерінің саны ерікті.

3. Жана өкілдер, егер олардың кандидатурасына отырысқа қатысушы мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе ғана ҚК құрамына қабылданыуы мүмкін.

4. ҚК шешімдері жұмыс жоспары бойынша тоқсан сайын өткізілетін оның отырыстарында қабылданады. Кезектен тыс отырыстар қажеттілікке қарай төраға шешімімен немесе ҚК мүшелерінің талаптары бойынша өткізілуі мүмкін.

5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысса, отырыс заңды болып саналады. ҚК отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен мекеме басшысы, оның қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда – осы сәтте оны ауыстырушы тұлға қатысады.

6. ҚК шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оған төрағалық етуші мен отырыстың хаттамасын жүргізетін хатшы қол қояды.

7. ҚК шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оған төрағалық етуші мен отырыстың хаттамасын жүргізетін хатшы қол қояды.